

ГЕОГРАФИЯ

Нұсқау: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

1. Нәсілшілдік идеяға қарсы шығып, ақ және қара нәсілдің тең екендігін дәлелдеген ғалым
А) В.И. Вернадский
В) Н.Н.Баранский
С) Н.Н.Миклухо-Маклай
D) М.В.Ломоносов
E) А.Гумбольдт
2. Географиялық қабықтың құрамдас бөліктерінің өзара байланысы мен олардың бір-біріне тәуелді болу заңдылығы
А) Зоналылығы
В) Азоналылығы
С) Тұтастығы
D) Ырғақтылығы
E) Зат алмасуы
3. «Экономикалық география» терминін ғылымға ең алғаш енгізген ғалым
А) Н.Н. Баранский
В) Қ.И. Сәтбаев
С) Б.Я. Двоскин
D) М.Ш. Ярмухамедов
E) М.В. Ломоносов
4. Деңгейлегіш құралымен өлшенеді
А) Теңіздік биіктік
В) Тереңдік
С) Салыстырмалы биіктік
D) Көкжиекті бағдарлау
E) Абсолюттік биіктік
5. Солтүстік-шығыс бағытының азимутын анықтаңыз
А) 135°
В) 45°
С) 120°
D) 90°
E) 0°
6. Оңтүстік Африкадағы Нидерландыдан көшіп келгендердің ұрпақтары
А) еуропалықтар
В) келімсектер
С) африканерлер
D) ағылшындар
E) нидерландықтар

7. Орал-Ембі мұнай-газ алабына жататын кен орыны
- A) Жетібай
 - B) Өзен
 - C) Қаламқас
 - D) Теңге
 - E) Құлсары
8. Ертіс өзенінің сол жақ салалары
- A) Үлбі мен Бұқтырма
 - B) Үбі мен Шар
 - C) Қызылсу мен Бұқтырма
 - D) Үлбі мен Үбі
 - E) Шар мен Қызылсу
9. Шығыс Қазақстан облысының Қазақстан бойынша 100% беретін өнім түрі
- A) Титан
 - B) Қорғасын
 - C) Алтын
 - D) Мырыш
 - E) Цемент
10. Қазақстанда халықтың саны 19 млн, орыстардың саны 3,7 млн адам болса, орыстардың пайыздық үлесін есептеңіз
- A) 19,5%
 - B) 29,6%
 - C) 25%
 - D) 10%
 - E) 15,6%

Нұсқау: Сізге контекст негізінде бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

Ғаламдық проблемалар

XX ғасырдың соңғы он жылы дүние жүзі халықтары алдына көптеген шиеленіскен және күрделі проблемаларды қойды. Олар ғаламдық проблемалар деген атқа ие болды.

Ғаламдық проблемалар дегеніміз- бүкіл адамзатқа қатысты проблемалар. Олар дүниежүзілік қоғамдастық елдердің арасындағы қарым қатынастарды, қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды, ресурстармен қамтамасыз етуді бірлесіп шешу мәселелерін қамтиды. Халықаралық азық-түлік саясатын зерттеу институты (IFPRI) жариялағандай «Аштықтың ғаламдық индексі» 52 елде аштықтың «елеулі», «үрейлі», «төтенше қиын» деңгейлері байқалады. Әсіресе аштықтан Орталық Африка Республикасының халқы көп зардап шегуде. Қазір әлемде азық-түлікті тұтыну жағынан теңсіздік қалыптасып отыр. Күніне 1000 килокалориялық тағам рационы ағзаға жеткіліксіз.


Дүниежүзінде мұнай қоры 3,6% өсті, ол 1,1551 трлн.баррельді құрады(2009ж).Энергетикалық ресурстар өндірісінің тұтыну салаларының қарқынды дамуы энергетикалық шикізаттың тапшылығына себепші болуда. Жылына 270-300 млрд.т. мұнай өндіреді.



11. АЭС өндірілетін электр энергиясының үлесі басым ел
- A) Норвегия
 - B) Франция
 - C) Ресей
 - D) Германия
 - E) Италия
12. Азық-түлік жетіспеушілік байқалатын жер шарындағы аймақ
- A) Орталық Азия
 - B) Шығыс Азия
 - C) Батыс Еуропа
 - D) Орталық Африка
 - E) Солтүстік Америка
13. Ғалымдардың болжамы бойынша жер шарындағы мұнай қоры жылына 270-300 млрд.т. өндіреді, мұнайдың сарқылу уақыты
- A) 80-100 жыл
 - B) 70-80 жыл
 - C) 100-200 жыл
 - D) 50-60 жыл
 - E) 50-100 жыл
14. Халқы тамаққа ямс, маниол, батат көбірек пайдаланатын елдер
- A) Тропиктік Африка
 - B) Батыс Ява
 - C) Оңтүстік Шығыс Азия
 - D) Таяу Шығыс
 - E) Оңтүстік Африка
15. Қазақстанда ғаламдық экологиялық проблемаға айналып отырған аймақ
- A) Каспий теңізінің ластануы
 - B) Алматы қаласы ауасының ластануы
 - C) Арал теңізінің тартылуы
 - D) Тянь-Шянь тауындағы мұздықтардың еруі
 - E) Балқаш маңы экологиясы

Нұсқау: Сізге толық жауапты қажет ететін ашық тест тапсырмалары беріледі.

16. Рангтік жіктеу әдісін қолдана отырып, дүниежүзі елдерінде интернетті пайдалану үлесін 3 деңгейге жіктеңіз. Интернетті пайдалану үлесі ең жоғары 94,7%, ең төмен 2,8%, формула $X = \frac{\max - \min}{3}$ бойынша интервал табыңыз
17. Солтүстік Еуропа елдерін анықтап, аудандастырудың белгісі бойынша физикалық -географиялық белгісіне қарап аудандастырыңыз
18. Картадан 3 санына сәйкес экономикалық ауданды анықтап, оның шекарасы, құрамы, мамандану саласы мен шаруашылығын игеру проблемасын анықтаңыз



ГЕОГРАФИЯ

пәнінен сынақ аяқталды.